

Орал қаласы

18 мамыр 2023жыл

Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы – бала дамуының негізі»

Өткізу түрі: Топтық ата-аналар жиналысы, таныстыру, кеңес беру, сұрақ-жауап.

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, әдіскер, медицина қызметкері, тәрбиешілер, ата-аналар

Күн тәртібі

1. «Бөбекжай мен отбасы ынтымақтастығы».
 - Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарларымен таныстыру.
 - Тренинг.
 - Кеңес: «Күн тәртібінің бала дамуындағы орны».
2. «Заманауи мультфильмдердің бала психикасына тигізетін әсері».
3. «2023–2024 оқу жылына қорытынды жасау».
 - Ата-аналарды өз балаларының даму деңгейімен таныстыру.
 - «Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру».

1.Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі **Д.Төлеген** ата-аналарды балабақшаның жылдық жұмысымен, алдағы кезеңге жоспарланған іс-шаралармен таныстырды. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған оқу-тәрбие жұмыстары, мерекелік іс-шаралар, шығармашылық байқаулар және ата-аналармен бірлескен жұмыстар туралы толық мәлімет берді.

Тәрбиеші отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықтың бала тәрбиесіндегі маңызына тоқталып, балаға қойылатын талаптардың бірізді болуы қажеттігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша:

Педагог **А.Муратова** ата-аналармен тренинг өткізді. Тренинг барысында ата-аналар өзара тәжірибе алмасып, отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті, балаға қолдау көрсету және эмоционалдық жайлылық қалыптастыру мәселелерін талқылады.

Тренинг соңында ата-аналар бала тәрбиесіндегі өз міндеттері туралы ой бөлісіп, ұсыныстар айтты.

Үшінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші **М.Кутушева** «Күн тәртібінің бала дамуындағы орны» тақырыбында кеңес берді. Баланың уақытылы ұйықтауы, дұрыс тамақтануы, таза ауада серуендеуі, ойын және демалыс уақытын дұрыс ұйымдастырудың маңыздылығы түсіндірілді.

Төртінші мәселе бойынша:

Педагог **Д.Төлеген** «Заманауи мультфильмдердің бала психикасына тигізетін әсері» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндама барысында қазіргі мультфильмдердің бала мінез-құлқына, сөйлеу мәдениетіне, эмоциялық жағдайына әсері туралы айтылды. Балалардың экран алдында ұзақ уақыт отыруының денсаулыққа зияны түсіндірілді. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, тәрбиелік маңызы бар мультфильмдерді таңдау қажеттігі атап өтілді.

Ата-аналар өз пікірлерімен бөлісіп, балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жолдарын талқылады.

Бесінші мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі **А.Муратова** 2023–2024 оқу жылының қорытынды есебін ұсынды.

Балалардың оқу жылы ішінде қол жеткізген жетістіктері, танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік және шығармашылық даму көрсеткіштері туралы толық ақпарат берілді. Әр тәрбиеленушінің даму деңгейіне талдау жасалып, ата-аналарға жеке ұсыныстар ұсынылды.

Алтыншы мәселе бойынша:

Медицина қызметкері және топ тәрбиешісі **А.Муратова** «Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жаз мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері, жол қозғалысы ережелерін сақтау, күн сәулесінен қорғану және балаларды қараусыз қалдырмау мәселелері түсіндірілді

Сөйледі

Ата-аналар оқу жылы бойы жүргізілген жұмыстарға оң бағаларын беріп, балабақша ұжымына алғыстарын білдірді. Сонымен қатар жазғы демалыс кезеңіндегі қауіпсіздік шаралары бойынша сұрақтар қойып, пікір алмасты.

Шешімі

1. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
2. Ата-аналар үй жағдайында баланың күн тәртібін сақтауға тұрақты көңіл бөлсін.
3. Балалардың көретін мультфильмдерінің мазмұны ата-аналар тарапынан бақылауға алынсын.
4. Балалардың экран алдындағы уақытын шектеу және танымдық, тәрбиелік мәні бар мультфильмдерді таңдау ұсынылсын.
5. 2023–2024 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
6. Ата-аналар балалардың жазғы демалысын қауіпсіз ұйымдастыру бойынша жауапкершілікті күшейтсін.
7. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған қауіпсіздік талаптары қатаң сақталсын.
8. Балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыс алдағы уақытта да жүйелі түрде жүргізілсін.

Төрайымы: _____ Г.Хамидуллина

Хатшысы: _____ Д.Төлеген

2023-2024 оқу жылы

Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1 хаттамасы

Орал қаласы

10 қыркүйек 2023 жыл

Тақырыбы: «Балабақша мен отбасы ынтымақтастығы – бала дамуының негізі»

Өткізу түрі: Жалпы ата-аналар жиналысы, таныстыру, кеңес беру, сұрақ-жауап.

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, әдіскер, медицина қызметкері, тәрбиешілер, ата-аналар.

Мақсаты: Ата-аналарды балабақшаның жұмысымен таныстыру, оқу-тәрбие үдерісі туралы ақпарат беру, баланың балабақшаға бейімделу кезеңіндегі ата-ананың рөлін түсіндіру және санитарлық талаптарды сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Күн тәртібі:

1. Ата-аналарды бөбекжай өмірімен таныстыру.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.
3. «Баланың балабақшаға бейімделуі».
4. Санитарлық талаптардың сақталуы туралы.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Бөбекжай директоры Г.Хамидуллина сөз сөйлеп, ата-аналарды балабақшаның жұмыс тәртібімен, ішкі ережелерімен, педагогикалық құраммен және материалдық-техникалық базасымен таныстырды. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бағытында жүргізілетін жұмыстар туралы айтты.

2-мәселе бойынша:

Әдіскер Ы.Есимғалиева мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары туралы баяндама жасады. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылатын оқу қызметтері, тәрбиелік жұмыстар және күн тәртібі туралы түсіндірді.

3-мәселе бойынша:

Педагог Д.Төлеген «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында кеңес берді. Баланың жаңа ортаға үйрену кезеңінде ата-ананың қолдауының маңызы туралы айтып, бейімделу үдерісін жеңілдетуге арналған ұсыныстар берді.

4-мәселе бойынша:

Медицина қызметкері санитарлық талаптардың сақталуы туралы баяндама жасады. Балалардың денсаулығын қорғау, жұқпалы аурулардың алдын алу, тазалық талаптарын сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Шешімі:

1. Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
2. Үлгілік оқу жоспары туралы берілген ақпарат ата-аналардың назарына алынсын.
3. Баланың балабақшаға бейімделу кезеңінде ата-аналар педагогтердің ұсынымдарын басшылыққа алсын.
4. Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау әр ата-ананың жауапкершілігі ретінде қатаң орындалсын.

Төрайымы: _____ Г.Хамидуллина

Хатшысы: _____ Д.Төлеген

Өткізу түрі: Дөңгелек үстел, тренинг, кеңес беру, баяндама, қорытынды есеп беру.

Мақсаты: Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналарды бала тәрбиесіндегі негізгі бағыттармен таныстыру, күн тәртібінің маңызын түсіндіру, балалардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру, оқу жылының қорытындысын шығару және жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шараларын түсіндіру.

Қатысқандар:Топ тәрбиешісі, педагог-психолог, ата-аналар

Күн тәртібі

I бөлім

1. Дөңгелек үстел: «Тәрбие тал бесіктен»
 - Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарларымен таныстыру.
 - Тренинг өткізу.
 - Кеңес: «Күн тәртібінің бала дамуындағы орны».

II бөлім

2. «Баламен сөйлесу, көркем шығармаға қызығушылығын қалыптастыру».
3. Ата-аналарға есеп беру: балалардың даму деңгейі.
4. «Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру».

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі М.Кутушева ата-аналарды алдағы оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарымен таныстырды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамытушы іс-әрекеттер, шығармашылық жұмыстар және ата-аналармен бірлескен іс-шаралар туралы ақпарат берілді.

Дөңгелек үстел барысында «Тәрбие тал бесіктен» тақырыбы талқыланып, бала тәрбиесіндегі отбасының негізгі рөлі атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша:

Педагог Д.Төлеген ата-аналармен тренинг өткізді. Тренинг барысында ата-аналар бала тәрбиесіндегі қарым-қатынас мәдениеті, баланың эмоционалдық жағдайы және отбасындағы психологиялық ахуал туралы пікір алмасты.

Үшінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші Ж.Мендигазиева «Күн тәртібінің бала дамуындағы орны» тақырыбында кеңес берді. Баланың дұрыс тамақтануы, ұйқы режимі, серуен және ойын әрекеттерінің үйлесімділігі туралы түсіндірілді.

Төртінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші Ы.Есимғалиева «Баламен сөйлесу, көркем шығармаға қызығушылығын қалыптастыру» тақырыбында баяндама жасады. Баланың сөйлеу тілін дамытуда ата-ананың рөлі, үйде кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және ертегілерді бірге талқылаудың маңызы айтылды.

Бесінші мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі Ж.Мендигазиева 2024–2025 оқу жылының қорытынды есебін ұсынды. Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық және әлеуметтік даму деңгейлері туралы ақпарат берілді.

Алтыншы мәселе бойынша:

Медицина қызметкері және тәрбиеші «Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Балалардың судағы қауіпсіздігі, жол ережелері, күннен қорғану және қараусыз қалдырмау мәселелері түсіндірілді.

Сөйледі

Ата-аналар балаларының жетістіктеріне ризашылықтарын білдіріп, жазғы демалысты тиімді әрі қауіпсіз ұйымдастыру бойынша сұрақтар қойды.

Шешімі

1. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық жұмыстары жалғастырылсын.
2. Ата-аналар бала тәрбиесінде күн тәртібін тұрақты сақтауға көңіл бөлсін.
3. Балалардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру мақсатында үйде кітап оқу дәстүрі қалыптастырылсын.
4. Балалардың даму деңгейін қолдау мақсатында ата-аналармен бірлескен жұмыс күшейтілсін.
5. Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігі қатаң сақталсын.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау топ тәрбиешісіне жүктелсін

Төрайымы: _____ Г.Хамидуллина

Хатшысы: _____ Д.Төлеген

2024-2025 оқу жылы

Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы №1 хаттамасы

Орал қаласы

26 қыркүйек 2024 жыл

Тақырыбы: «Балабақша мен ата-ана бірлігі»

Өткізу түрі: Жалпы ата-аналар жиналысы, баяндама, кеңес беру, пікір алмасу.

Мақсаты: Ата-аналарды 2024–2025 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру, балалардың балабақшаға бейімделу ерекшеліктері туралы ақпарат беру, баланың өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастырудың маңызын түсіндіру, салауатты өмір салтын насихаттау және отбасы мен балабақша арасындағы

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, әдіскер, медицина қызметкері, тәрбиешілер, ата-аналар.

Күн тәртібі

I бөлім

1. Ата-аналарды 2024–2025 оқу жылының жоспарымен таныстыру.
2. «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбындағы кеңес.
3. «Баланың өз-өзіне қызмет етуі».
4. Кеңес: «Балаға қандай дәрумен керек?»

II бөлім

«Балабақша мен ата-ана бірлігі»

1. Баяндама: «Бала ата-ананың айнасы».
2. «Қандай жағдайда баланы жазалауға болмайды, қашан баланы мадақтап, мақтауға болады?» тақырыбында кеңес және пікір алмасу.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша:

Бөбекжай директоры Г.Хамидуллина ата-аналарды 2024–2025 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды. Балабақшаның негізгі мақсат-міндеттері, оқу-тәрбие жұмысының бағыттары, мерекелік іс-шаралар, үйірме жұмыстары және ата-аналармен бірлескен жұмыстар туралы толық ақпарат берді.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тәрбиелеу мен оқытудағы ата-аналардың жауапкершілігі туралы да айтылды.

Екінші мәселе бойынша:

Педагог Д.Төлеген «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында кеңес берді.

Балалардың жаңа ортаға үйрену кезеңіндегі психологиялық ерекшеліктері түсіндіріліп, бейімделу кезеңінде ата-аналардың балаға қолдау көрсету жолдары ұсынылды. Сонымен қатар баланың эмоционалдық тұрақтылығын сақтау, тәрбиешімен бірлесе жұмыс жасау жөнінде кеңестер берілді.

Үшінші мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі М.Кутушева «Баланың өз-өзіне қызмет етуі» тақырыбында баяндама жасады.

Баланың дербестігін дамыту, киіну, шешіну, жеке бас гигиенасын сақтау, ойыншықтарын жинастыру сияқты дағдыларды қалыптастырудың маңыздылығы айтылды. Ата-аналарға үй жағдайында баланың өз бетінше әрекет етуіне мүмкіндік беру ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша:

Медицина қызметкері «Балаға қандай дәрумен керек?» тақырыбында кеңес өткізді.

Балалардың дұрыс тамақтануы, иммунитетті нығайту, дәрумендердің ағзаға пайдасы және маусымдық аурулардың алдын алу жолдары туралы түсіндірілді. Ата-аналарға пайдалы тағамдарды тұтыну жөнінде ұсыныстар берілді.

Бесінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші: А.Мұрадымова «Бала ата-ананың айнасы» тақырыбында баяндама жасады.

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жеке үлгісі, отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті және баланың мінез-құлқының қалыптасуына отбасының әсері туралы кеңінен айтылды.

Баяндама барысында бала тәрбиесіндегі жауапкершілік, мейірімділік және өзара түсіністіктің маңыздылығы ерекше атап өтілді.

Алтыншы мәселе бойынша:

Педагог Н.Давлетова «Қандай жағдайда баланы жазалауға болмайды, қашан баланы мадақтап, мақтауға болады?» тақырыбында кеңес өткізді.

Баланың психологиялық дамуына кері әсер ететін жазалау түрлері түсіндірілді. Баланы мадақтау арқылы оның өзіне деген сенімін қалыптастыру, жақсы мінез-құлық қолдау жолдары көрсетілді.

Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісіп, бала тәрбиесіне қатысты сұрақтарын қойды.

Сөйледі

Ата-аналар балабақша жұмысына қолдау көрсететіндерін білдіріп, баланың балабақшаға бейімделуі, денсаулығы және тәрбиесіне қатысты сұрақтар қойды. Педагогтер тарапынан қажетті түсіндірмелер берілді.

Шешім

1. 2024–2025 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары ата-аналардың назарына алынсын.
2. Баланың балабақшаға бейімделу кезеңінде ата-аналар педагогтердің ұсынымдарын басшылыққа алсын.
3. Балалардың өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру жұмыстары отбасы мен балабақшада бірлесіп жүргізілсін.
4. Балалардың дұрыс тамақтануына және дәрумендерді жеткілікті қабылдауына ата-аналар тарапынан бақылау күшейтілсін.
5. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастық нығайтылсын.
6. Бала тәрбиесінде мадақтау әдістерін көбірек қолданып, психологиялық қысым көрсетуге жол бермеу ұсынылсын.
7. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау топ тәрбиешілері мен балабақша әкімшілігіне жүктелсін.

Төрайымы: _____ Г.Хамидуллина

Хатшысы: _____Д.Төлеген

Тақырыбы: «Тәрбие – тал бесіктен»

Өткізу түрі: Жалпы ата-аналар жиналысы, баяндама, кеңес беру, пікір алмасу.

Мақсаты: Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, балалардың даму деңгейімен таныстыру және жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат беру.

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, әдіскер, медицина қызметкері, тәрбиешілер, ата-аналар.

Күн тәртібі

«Тәрбие – тал бесіктен» тақырыбындағы дөңгелек үстел.

«Күн тәртібінің бала дамуындағы орны» тақырыбындағы кеңес.

«Баламен сөйлесу, көркем шығармаға қызығушылығын қалыптастыру» тақырыбындағы баяндама.

2025–2026 оқу жылы бойынша балалардың даму деңгейінің қорытынды есебі.

«Жазғы демалыстың қауіпсіздігін ұйымдастыру» туралы түсіндіру жұмысы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша

Тәрбиеші Ж.Мендигазиева ата-аналарды оқу жылының аяқталуымен құттықтап, жиналыстың мақсаты мен міндеттерімен таныстырды. «Тәрбие – тал бесіктен» тақырыбында сөз сөйлеп, бала тәрбиесіндегі отбасының орны ерекше екеніне тоқталды. Баланың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың өнегесі, мейірімі мен қамқорлығы тікелей әсер ететіні айтылды. Ата-аналар өз ойларымен бөлісіп, отбасы тәрбиесіне қатысты пікір алмасты.

Екінші мәселе бойынша

Тәрбиеші М.Кутушева «Күн тәртібінің бала дамуындағы орны» тақырыбында кеңес берді. Баланың денсаулығын сақтау мен дұрыс дамуы үшін күн тәртібін сақтаудың маңыздылығы түсіндірілді. Уақытылы ұйықтау, дұрыс тамақтану, таза ауада серуендеу және белсенді демалыстың бала ағзасына тигізетін пайдасы айтылды.

Үшінші мәселе бойынша

Ы.Есимғалиева баламен күнделікті қарым-қатынас жасаудың маңызы туралы баяндама жасады. Баланың сөздік қорын дамытуда, ойын анық жеткізе білуінде және кітап оқуға қызығушылығын арттыруда ата-ананың рөлі ерекше екені атап өтілді. Балаларға күнделікті ертегі, әңгіме оқып беру және оқылған шығармаларды бірге талқылау ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша

Ы.Есимғалиева ата-аналарды 2025–2026 оқу жылы бойынша балалардың даму деңгейінің қорытындысымен таныстырды. Балалардың білім беру салалары бойынша меңгерген дағдылары, жетістіктері мен даму көрсеткіштері туралы ақпарат берілді. Әр баланың жеке даму нәтижелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Бесінші мәселе бойынша

Д.Төлеген ата-аналарға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Су айдындарында, көшеде, көлікте және тұрмыстық жағдайда қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттігі айтылды. Балаларды қараусыз қалдырмау және олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар берілді.

Шешім:

Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту және бала тәрбиесінде бірлескен жұмысты жалғастыру.

Балалардың күн тәртібін сақтауға, дұрыс тамақтануына, уақытылы демалуына және денсаулығын нығайтуға жағдай жасау.

Балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту мақсатында олармен күнделікті қарым-қатынас жасап, көркем әдебиеттерді тұрақты оқуға көңіл бөлу.

Балалардың оқу жылы барысында қол жеткізген жетістіктерін қолдап, жаз мезгілінде білімдері мен дағдыларын жетілдіру жұмыстарын жалғастыру.

Жазғы демалыс кезеңінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол жүру, судағы және тұрмыстағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау.

Қабылданған шешімдердің орындалуын ата-аналар мен тәрбиеші тұрақты бақылауда ұстау

Төрайымы: _____ Г.Хамидуллина

Хатшысы: _____ Ы.Есимғалиева

2025-2026 оқу жылы

Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы №1 хаттамасы

Орал қаласы

16 қыркүйек 2025 жыл

Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»

Өткізу түрі: Жалпы ата-аналар жиналысы, баяндама, кеңес беру, пікір алмасу.

Мақсаты: Ата-аналарды 2025–2026 оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру, отбасы мен білім беру ұйымы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігін арттыру, балалардың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыруға бағыт беру.

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, әдіскер, медицина қызметкері, тәрбиешілер, ата-аналар.

Күн тәртібі

Ата-аналарды 2025–2026 оқу жылының жоспарымен таныстыру.

«Балалар тәрбиесінде ата-ана рөлі» тақырыбындағы баяндама.

Ата-аналарға тест: «Сіз қандай ата-анасыз?»

Слайд көрсету: «Таңғажайып ертегі» – балалық шағымызға ораламыз.

«Бақытты отбасының бәйтерегі».

Ата-аналарға кеңестер беру.

Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Сөз сөйлеген Ы.Есимғалиева ата-аналарды 2025–2026 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды. Жоспарда тәрбиелік іс-шаралар, мерекелік бағдарламалар, ата-аналармен жұмыс түрлері және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар қамтылғанын айтты.

2-мәселе бойынша:

Сөз сөйлеген М.Кутушева «Балалар тәрбиесінде ата-ана рөлі» тақырыбында баяндама жасап, бала тәрбиесіндегі отбасының маңызы, ата-ананың жеке үлгісі, балаға қолдау көрсету мен дұрыс қарым-қатынас орнатудың қажеттілігі туралы айтты.

3-мәселе бойынша:

А.Мұрадымова ата-аналарға «Сіз қандай ата-анасыз?» атты тест жүргізді. Тест нәтижелері талданып, әр ата-анаға өз тәрбиелік ұстанымдарын бағалауға мүмкіндік берілді.

4-мәселе бойынша:

Д.Төлеген «Таңғажайып ертегі» атты слайд-презентация ұсынып, ата-аналарды өздерінің балалық шақ естеліктеріне саяхат жасауға шақырды. Іс-шара ата-аналардың көңіл-күйін көтеріп, бала әлемін түсінуге ықпал етті.

5-мәселе бойынша:

Д.Төлеген «Бақытты отбасының бәйтерегі» тақырыбында отбасы құндылықтары, сыйластық, бірлік пен жауапкершілік туралы айтып өтті. Ата-аналар өз пікірлерімен бөлісіп, отбасы бақытының негізі – сүйіспеншілік пен өзара түсіністік екенін атап өтті.

6-мәселе бойынша:

Сөз сөйлеген директор Г.Хамидуллина ата-аналарға балалармен қарым-қатынас жасаудағы тиімді әдістер, балаға сенім білдіру, мадақтау, қауіпсіз орта қалыптастыру жөнінде кеңестер берді.

Шешімі:

2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Балаларды тәрбиелеуде отбасы мен білім беру ұйымы арасындағы ынтымақтастық нығайтылсын.

Ата-аналар бала тәрбиесінде жауапкершілікті арттырып, ұсынылған кеңестерді басшылыққа алсын.

Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған іс-шараларға белсенді қатысу ұсынылсын.

Отбасылық құндылықтарды насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.

Төрайымы: _____ Г.Хамидуллина

Хатшысы: _____ Ы.Есимғалиева